

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Ұлбала Юсуф қызы Юнусова

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Гуманитар пәндер факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті

Ғылыми жетекші: Гүлжан Азизбековна Анарбекова

Аннотация: Кез келген сөздердің қатар тұруы синтаксистік сөз тіркесі болып есептеле бермейді. Еркін сөз тіркесі үшін сөздердің байланысынысы белгілі заңдылығы болады, демек, бұл жағдайда сөздер белгілі бір тәсілдермен байланысады.

Кілтті сөздер: синтаксистік мағына, орын тәртібі тиянақты болу, басыңқы сынар.

Abstract: Any combination of words is not considered a syntactic phrase. For a free phrase, the connection of words has a certain law, therefore, in this case, the words are connected in certain ways.

Key words: syntactic meaning, accuracy of place order, emphasis.

Ондай тәсілдер қазақ тілінде төртеу: 1. Жалғау арқылы байланысу; 2. Шылау арқылы байланысу; 3. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысу; 4. Дауыс ырғағы арқылы байланысу.

1. Жалғау арқылы байланысу деп септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы байланысуды айтады. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздердің өзара байланысынан белгілі синтаксистік мағына туып отырады, Мысалы, Мен үйге келсем, Әбдрахманның қаладан келгенін естіп, үйдің іші қуанып отыр екен. (Б. М.) деген сөйлемдегі Әбдірахманның келгенін, үйге келсем, қаладан келгенін деген сөз тіркестері бағыныңқы сыңарына ілік (Әбдірахманның), барыс (үйге) шығыс (қаладан) септігі жалғаулары жалғану арқылы жасалып тұр. Әбдірахманның келгені дегенде үшінші жақтағы тәуелдік жалғауының көмегі тиіп тұр. Үйге келсем тіркесінде етістік сөздің бірінші жақта келсем тұруына қарай жіктеу есімдігі де бірінші жақта келсем тұруына қарай жіктеу есімдігі де бірінші жақта тұр. Екінші жақта келсең болып өзгереді. 2 Сөздер шылаулар арқылы да байланысады. Мысалы: Өзің үшін үйренсең, Жамандықтан жиренсең, Ашыларсың жылма жыл (Абай) дегендегі өзіндің сөзі мен үйренсең сөзінің тіркесуіне үшін шылауы септігін тигізіп, мақсаттық мағына тудырып тұр. Мысалы: желге қарсы жүру, ақырына дейін күту, оқыған соң ойлану, айтқан сайын қыза түсу т. б, 3. Сөздердің байланысуында тұрақты орын тәртібі ойдың айқындығын қамтамасыз етеді. Мысалы: Шайқалған қымыздың иісі көш жерден

мұрынға келеді (С. С). 4. Сөздердің байланысуының соңғы тәсілі — дауыс ырғағы. Мұнда екі сөздің орын тәртібі тиянақты болумен бірге; екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда екеуі сызықшамен ажыратылады. Мағжан —шын. Асан қайғы — философ, Қаныш-ғалым, дауыс ырғағы арқылы байланысқан сөздер сөйлем құрады да, алдыңғы сөз бастауыш, соңғы сөз — баяндауыш қызметін атқарады. Мұндай жалаң сөйлемдегі сөздерді орындары ауысқанымен, бастауыш пен баяндауыштың орындары сақтала береді. Мысалы: Ақын — Мағжан, философ — Асан қайғы дегенде бастауш – ақын мен философ болады да, -баяндауыш— Мағжан мен Асан қайғы сөздері болады;

Сөз тіркесіндегі негізгі мағынаға ие болатын сөз басыңқы сыңар деп аталады. Басыңқы сыңарды айқындап тұрған сөз бағыныңқы сыңар деп аталады. Мысалы: Айлы түн (айлы:— бағыныңқы-сыңар, түн басыңқы-сыңар).

Сөздер екі-екіден тіркесумен шектеліп қоймайды, тіркестегі басыңқы сыңар басқа бір сөзбен байланысып, екінші тіркес жасайды. Мысалы: Бұл әнді шырқаған Естайдың даңқы көп елге жайылды. Мұнда аяқталмаған ойды білдіретін бір сөйлем бар екіншіден, бұл әнді шырқаған Естайдың даңқы дегенде күрделі ұғымды білдіретін сөздер тізбегі бар, үшіншіден, жеті түрлі сөз тіркесі бар. Олар: 1. Бұл әнді; 2. әнді шырқаған; 3. шырқаған Естай(дың); 4. Естайдың даңқы жайылды; 6. көп ел (-ге); 1.Елге жайылды. Өзара байланысқан сөздердің бір сыңары баяндауыш болып келсе, оларға сөз тіркесі тұрғысынан да, сөйлем тұрғысынан да қарауға болады. Сөздердің өзара байланысуы жағынан бұларды сөз тіркесі деп санасақ, белгілі дәрежеде аяқталған ойды білдіру жағынан оларды сөйлем дейміз. Мәселен, жоғары мысалдағы даңқы жайылды, елге жайылды деген сөз тіркестері өз алдына жеке-жеке сөйлем бола алады. Себебі, мұның әрқайсысында белгілі дәрежеде аяқталған ой хабарланған.

Сөз тіркестері тіркесу жолына қарай тікелей тіркес және сатылы тіркес деп екіге бөлінеді: а) тікелей тіркес —екі сөздің өз бетінше тіркесуі. Мысалы: үлкен үй, колхоздан кеше келдік, ә) сатылы тіркес — бір тіркестегі басыңқы сыңардың басқа сөзбен ұласа, тіркесуі. Мысалы: үлкен үйдің терезесі т. б.

Қазақ тілінде бірнеше сөзден құралып, бір ғана сөздің ұғымын беру үшін қалыптасқан, бір-бірінен ажыратуға келмейтін, басқа сөзбен топ жазбай барып байланысатын сөз тіркестері бар. Бұларды тұрақты сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: қас пен көздің арасында (лезде), ат үсті қарау (үстіртін), қой аузынан шөп алмас (жуас), қызыл кеңірдек болу (жанжалдасу).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. 1975,390-бет.
2. Ә.Әбілақов. меңгерудің өзіндік ерекшеліктері, қазақстан мектебі, 1965, № 6, 37-6.
3. С.Аманжолов. Қазақ әдеби жөніндегі синтаксисінің қысқаша курсы. - Алматы: Санат, 1994. 163-173бет.

